

ӘОЖ: 376.1:159.922.273

5–6 ЖАСТАҒЫ АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ-ГИГИЕНАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ РӨЛІ

Серікқызы М.

1 курс магистранты, 7М01908 – «Арнайы педагогика» білім беру
бағдарламасы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Рсалдинова А.К., пс.ғ., кандидаты

Бұл мақалада аутизм спектрі бұзылыстары бар 5–6 жастағы балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытудағы практикалық әдістердің тиімділігі қарастырылады. Авторлар балалардың когнитивтік, сенсорлық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды құрылымдау, визуалды қолдау құралдарын қолдану, әрекетті қадамдарға бөлу және мотивацияны қолдауға негізделген тәсілдердің маңыздылығын дәлелдейді. Теориялық талдау мен ғылыми әдебиеттерге шолу барысында үлгімен көрсету, мінез-құлық тізбектері, қолданбалы мінез-құлық талдауы және әлеуметтік әңгімелер әдістерінің тиімділігі негізделеді. Мақалада ата-аналармен және мамандармен бірлескен жұмыс, оқыту ортасын ұйымдастыру және сенсорлық бейімдеу стратегиялары да қарастырылып, тәжірибелік ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: аутизм спектрі бұзылыстары, мәдени-гигиеналық дағдылар, практикалық әдістер, визуалды қолдау, АВА, құрылымдалған оқыту.

Аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың дамуы қазіргі кезеңде арнайы білім беру және түзету саласында ерекше назар аударуды талап ететін маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселе болып отыр. Бұл бұзылыстар әлеуметтік өзара әрекеттесудің, вербалды және вербалды емес коммуникацияның бұзылуымен, сондай-ақ бірқатар когнитивтік және мінез-құлықтық ерекшеліктермен сипатталады. Аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың басым бөлігінде күнделікті өмірлік дағдылардың, оның ішінде мәдени-гигиеналық өзін-өзі күту дағдыларының қалыптасуы едәуір кешігіп дамиды. Бұл олардың дербестігін төмендетіп қана қоймай, жалпы әлеуметтік бейімделуіне және өмір сапасына тікелей әсер етеді. Ғылыми әдебиетте (Никольская О.С., Баенская Е.Р., Морозова С.С. және басқалар) аутизм спектрі

бұзылыстары бар балалар үшін мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту процесі арнайы педагогикалық тәсілдерді талап ететіні айқын көрсетілген [1], [2]. Балаларда қажетті дағдылардың қалыптасуы жүйелі құрылымдалған оқытуды, әрекетті нақты кезеңдерге бөлуді және визуалды қолдауды міндетті түрде қамтуы тиіс. Зерттеулерде көрсетілгендей, дәстүрлі оқыту әдістері мұндай балалар үшін жеткіліксіз болып келеді, себебі олар қабылдау, есте сақтау және әрекетке ынталану ерекшеліктеріне сәйкес келмейді.

Қазіргі уақытта мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуда практикалық бағыттағы әдістердің маңыздылығы артып отыр. Бұл әдістерге үлгімен көрсету, қадамдық оқыту, визуалды қолдау құралдарын пайдалану және қолданбалы мінез-құлық талдау тәсілдері жатады. Ғылыми деректер (Беллини С., Акуллиан Дж., Найт В., Сартини Э., Сприггс А.Д., Купер Дж.О., Херон Т.Е., Хьюард У.Л.) практикалық әдістерді қолдану аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларда жаңа әрекеттерді меңгеру жылдамдығын арттыратынын және олардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ететінін растайды [3], [4], [5].

Қазақстандық зерттеушілердің (Ерсарина А.К., Жангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.) еңбектерінде де аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамытуда көрнекілік, әрекеттерді құрылымдау және мотивациялық қолдауды қолданудың жоғары тиімділігі ерекше аталып өтіледі [6]. Бұл тәсілдер баланың танымдық және сенсорлық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін бейімдеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде дағдыларды меңгеру және бекіту деңгейі айтарлықтай артады.

Мақаланың мақсаты – аутизм спектрі бұзылыстары бар 5–6 жастағы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамытуда практикалық әдістердің тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеу. Зерттеу міндеттері: аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларда өзін-өзі күту дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін анықтау; мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуда қолданылатын практикалық әдістердің мазмұнын ашу; тиімді әдістемелік тәсілдерді негіздеу және оларды тәжірибеде қолданудың ерекшеліктерін сипаттау.

Веденина М.Ю. және Костин И.А. өз еңбектерінде аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамытудағы қиындықтарды жүйелі түрде сипаттайды [7]. Ғалымдардың тұжырымдауынша, аутистік балалардың өзіндік қызмет көрсету дағдыларының дамуы кешігіп жүреді және оларды қалыптастыру арнайы ұйымдастырылған оқыту процесін талап етеді. Веденина М.Ю. мен Костин И.А. аутистік балаларда әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды меңгерудегі негізгі қиындықтарды келесі үш топқа бөледі:

- Бірінші топ – өзін-өзі күту дағдыларын толық меңгерген, бірақ белгілі бір жағдайларда дербес қолдану қиындық туғызатын балалар. Бұл балалар белгілі бір құрылым мен қолдауға мұқтаж [7].

•Екінші топ – жеке дағдыларды меңгерген, бірақ оларды дұрыс қолдану үшін тұрақты бақылауды және қолдауды қажет ететін балалар [7].

•Үшінші топ – өзін-өзі күту әрекеттерін меңгермеген, бастапқы дағдыларды дамытуда айтарлықтай қиындықтары бар балалар [7].

Ғалымдар аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту үшін келесі негізгі әдістемелік ұстанымдарды ұсынады:

1.Дағдыларды кезең-кезеңімен қалыптастыру: әр әрекетті толық меңгергеннен кейін ғана келесі қадамға өту ұсынылады [7];

2.Жеке қадамдарды нақты оқыту: әр дағдыны жеке әрекеттерге бөліп, әр кезеңді түсінікті және бірізді түрде үйрету қажет [7];

3.Көрнекілік пен физикалық қолдау: әр әрекетті нақты көрсету және қажет болған жағдайда физикалық қолдау көрсету [7];

4.Әрекеттерді бекіту: әр дұрыс орындалған әрекетті жағымды қолдаумен нығайту [7];

5.Дағдыларды әртүрлі жағдайларда жалпылау: дағдыны әртүрлі ортада қолдану мүмкіндігін дамыту [7];

6.Ата-аналар мен мамандардың бірлескен жұмысы: үй жағдайында және арнайы мекемелерде оқытуды үйлестіру [7]. Сонымен қатар, Морозова С.С. мен Окунева О.Н. аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда оқу процесінің құрылымын нақты анықтаудың қажеттігін атап көрсетеді [8]. Олардың ұсынған қағидалары:

- Әр әрекеттің басталуы мен аяқталуын нақты белгілеу;
- Дағдыларды меңгерту барысында бірізділік пен тұрақтылық сақтау;
- Баланың жетістігін нығайту үшін жағымды қолдауды тұрақты қолдану;
- Әрекеттерді автоматтандыруға дейін жүйелі түрде қайталау жүргізу [8].

Жалпы алғанда, Веденина М.Ю., Костин И.А., Морозова С.С., Окунева О.Н. еңбектері аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамытудың тиімді жолы ретінде құрылымдық, көрнекілікке негізделген және мотивациямен сүйемелденген практикалық әдістерді кешенді қолдануды ұсынады.

Аутизм спектрі бұзылыстары бар 5–6 жастағы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту процесі ерекше педагогикалық тәсілдерді талап етеді. Балалардың когнитивтік, сенсорлық және әлеуметтік даму ерекшеліктері күнделікті өмірлік дағдыларды меңгеруде белгілі бір қиындықтарға алып келеді. Бұл топтағы балалар үшін дәстүрлі оқыту әдістерінің шектеулі тиімділігі ғылыми әдебиеттерде кеңінен сипатталған. Сондықтан қазіргі тәжірибеде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда құрылымдалған, көрнекілікке және мотивацияға негізделген практикалық әдістерді қолдану аса маңызды. Мәдени-гигиеналық дағдыларды үйретуде үлгімен көрсету әдісі тиімді тәсілдердің бірі ретінде қарастырылады. Белгілі ғалымдар Беллини С. және Акуллиан Дж. үлгімен көрсетудің маңыздылығын

түсіндіре отырып, аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың вербалды емес тәсілдер арқылы ақпаратты қабылдау мүмкіндігі жоғары екенін дәлелдеген. Әрекетті көріп, оны қайталау барысында балаларда көру есі белсендіріліп, әрекеттің құрылымы мен реттілігі жақсы меңгеріледі. Үлгімен көрсету әсіресе көпқадамды гигиеналық әрекеттерді үйретуде қажет, себебі аутистік балалар үшін әрекеттің әр кезеңінің басталуы мен аяқталуының нақты болуы танымдық процесті жеңілдетеді.

Мінез-құлық тізбектері әдісі күрделі әрекеттерді қарапайым кезеңдерге бөлу арқылы оқытуды көздейді. Leaf және әріптестерінің зерттеулері бұл әдістің тиімділігін дәлелдеді, себебі аутизм спектрі бұзылыстары бар балалар әрекетті біртұтас күрделі процесс ретінде қабылдай алмайды. Әр қадамның нақты меңгерілуі когнитивтік жүктемені төмендетеді, ал жүйелі түрде қадамдарды біріктіру нәтижесінде бала толық дағдыны меңгереді. Мысалы, қол жуу процесінде кранды ашу, қолды сулау, сабынды қолдану, қолды шаю сияқты әрбір бөлек әрекет жеке үйретіледі және біртіндеп толық тізбекке біріктіріледі. Визуалды қолдау құралдарын қолдану, Knight B., Сартини Э. және Сприггс А.Д. зерттеулері бойынша, аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың оқу процесінде құрылымдылық пен түсініктілікті арттырады. Визуалды кестелер, пиктограммалар, іс-әрекет реттілігін көрсететін карточкалар баланың әр қадамды визуалды есте сақтауына мүмкіндік береді және оқу барысында стрессті азайтады. Визуалды қолдаудың көмегімен бала әр әрекетке дайындалады және тапсырмалардың реттілігін алдын ала көреді, бұл оның оқу барысындағы сенімділігін арттырады. Қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА) әдісі аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мінез-құлық басқарудағы ең тиімді әдістердің бірі ретінде мойындалған. Купер Дж.О., Херон Т.Е., Хьюард У.Л. еңбектерінде әр дұрыс орындалған әрекетті жағымды қолдаумен бекіту баланың жаңа мінез-құлық үлгілерін меңгеру ықтималдығын едәуір арттыратыны дәлелденген. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда АВА тәсілі баланың мотивациясын қолдап, әр дұрыс орындалған қадамды нығайту арқылы оқытудың ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды үйретуде сенсорлық интеграция терапиясының рөлі де ерекше. Сенсорлық интеграция қиындықтары бар балалар көбіне судың температурасына, сабынның құрылымына, шу сияқты сыртқы тітіркендіргіштерге шамадан тыс реакция білдіреді, бұл олардың қарапайым гигиеналық әрекеттерді орындауына кедергі келтіреді. Сенсорлық интеграция әдістері арқылы баланың сенсорлық өңдеу жүйесі қалыпқа келтіріліп, гигиеналық әрекеттерді орындау жеңілдетіледі. Бұл тәсіл әрекетке деген қорқынышты азайтады және оқуға деген мотивацияны арттырады. Осы әдістердің барлығын кешенді түрде қолдану аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды тиімді қалыптастыруға мүмкіндік

береді. Ғалымдардың (Ерсарина А.К., Жангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.) практикалық тәжірибелері көрсеткендей, оқу процесін құрылымдау, визуалды қолдау құралдарын жүйелі қолдану және мотивацияны тұрақты қолдау балалардың дербестік деңгейінің едәуір артуына ықпал етеді. Бұған қоса, Морозова С.С. мен Окунева О.Н. әрбір әрекетті құрылымдап, нақты белгілеу, әрекет реттілігін сақтау, тұрақты оң қолдауды қамтамасыз ету және әрекеттерді автоматтандыруға дейін қайталау жүргізудің маңыздылығын ерекше атап өткен. Бұл тәсіл оқу процесінің болжауға болатындығын арттырады, балаға сенімділік береді және жаңа дағдылардың күнделікті өмірде қолданылуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуда әлеуметтік әңгімелер әдісі ерекше рөл атқарады. Бұл әдіс аутизм спектрі бұзылыстары бар балалар үшін әрекеттердің әлеуметтік мағынасын түсіндіруге бағытталған. Әлеуметтік әңгімелер балаларға күнделікті өмірлік жағдайларды сөзбен сипаттап беру арқылы белгілі бір мінез-құлық үлгілерін ұсынады. Gray K. тұжырымдамасы бойынша, әлеуметтік әңгімелер аутистік балалардың түсінігін кеңейтіп қана қоймай, олардың болжамды әлеуметтік мінез-құлқына дайындалуына мүмкіндік береді. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда, мысалы, қолды жуу, тіс тазалау немесе киім ауыстыру кезіндегі дұрыс әрекеттерді түсіндіру үшін қысқа, құрылымды, визуалды сүйемелденген әлеуметтік әңгімелер құрастырылып қолданылады. Бұл тәсіл балалардың өзіндік бақылау қабілетін дамытып, әрекеттің себеп-салдарын түсінуіне көмектеседі. Практикалық әдістердің тиімділігін арттыру үшін мотивациялық бағдарламалар мен таңдауларды енгізу де маңызды. Шетелдік тәжірибеде мотивациялық оқыту әдістері арқылы балалардың дербес шешім қабылдау дағдылары дамытылады. Мысалы, балаға киім таңдау мүмкіндігін беру, гигиеналық құралдарды таңдау ұсынылуы оның оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Бұл тәсіл баланың ішкі мотивациясын күшейтіп, өзін-өзі күту дағдыларына деген қызығушылығын арттырады. Зерттеулер көрсеткендей, таңдау жасау құқығы баланың әрекетке қатысу ықтималдығын арттырады және стресстік жауаптарды азайтады. Сонымен бірге, мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуда оқыту ортасын дұрыс ұйымдастыру ерекше мәнге ие. Оқытуды ұйымдастыруда кеңістікті құрылымдау принциптері қолданылуы тиіс. ТЕАССН бағдарламасының тәжірибесі көрсеткендей, физикалық ортаны айқын құрылымдау — гигиеналық заттардың белгілі бір жерде орналасуы, әр әрекет үшін нақты аймақтың болуы — аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың әрекеттерін болжауға мүмкіндік беріп, оқу процесін жеңілдетеді. Қоршаған ортаның ұйымдастырылуы баланың назарын қажетсіз алаңдатудан қорғайды және әрекеттің реттілігін сақтауға ықпал етеді.

Оқу барысында күшейткіштер жүйесін қолдану тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Балалардың мінез-құлқын тұрақты күшейту үшін

таңдап алынған мотивациялық қолдау түрлері — марапаттар, мадақтау сөздер, қысқа демалыстар — оқытудың алғашқы кезеңдерінде жиі қолданылып, кейін біртіндеп табиғи әлеуметтік күшейткіштерге алмастырылады. Күшейткіштерді жүйелі пайдалану арқылы балада гигиеналық әрекеттерге тұрақты оң мотивация қалыптастырылады. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтар арасындағы тығыз ынтымақтастық мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Ғылыми зерттеулер бойынша, үй жағдайында алынған дағдыларды жүйелі түрде қолдап отыру оқу процесінің нәтижелілігін арттырады. Сондықтан арнайы педагогтер ата-аналарға арналған түсіндіру жұмыстары мен практикалық тренингтер жүргізуі тиіс. Бала үшін үйде де, түзету ортасында да бірдей талаптар мен оқыту әдістерінің қолданылуы дағдының генерализациясын қамтамасыз етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеруі тек когнитивтік оқыту ғана емес, сонымен бірге эмоционалдық тұрақтылықты дамыту шараларын қамтуы тиіс. Әсіресе сенсорлық дискомфорт кезінде туындайтын мазасыздық пен мінез-құлықтың күрделенуін алдын алу үшін релаксациялық әдістерді енгізу маңызды. Гигиеналық әрекеттен кейін қысқа демалу сәттерін ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын қолдану баланың әрекеттен алған жағымды тәжірибесін нығайтады. Бұдан басқа, гигиеналық дағдыларды оқытуда уақыт факторын дұрыс жоспарлау қажет. Аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларға бір дағдыны толық меңгеру үшін әдеттегі балаларға қарағанда ұзақ уақыт қажет болуы мүмкін. Әр дағдыны бекіту үшін жүйелі қайталау, тұрақты жаттығу және мотивацияны қолдау талап етіледі. Сабырлылық пен жүйелілік баланың дербестікке қол жеткізуінің басты шарты болып табылады. Осы факторлардың барлығын кешенді түрде ескере отырып ұйымдастырылған оқыту процесі 5–6 жастағы аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды сәтті меңгеруіне жағдай жасайды. Нақты құрылымдау, көрнекілікке сүйену, мотивациялық қолдау, ата-анамен бірлескен жұмыс және эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы баланың дербестік деңгейі едәуір артып, өмір сапасы жақсарады. Осылайша, 5–6 жастағы аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту жүйелі, құрылымды және мотивациялық тұрғыда ұйымдастырылған практикалық әдістерді кешенді қолдануды талап етеді. Әр баланың когнитивтік, сенсорлық және эмоционалдық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген жұмыс ғана ұзақ мерзімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Аутизм спектрі бұзылыстары бар 5–6 жастағы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту мәселесі арнайы педагогиканың өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл балалардың когнитивтік, сенсорлық және мінез-құлықтық ерекшеліктері күнделікті өмірлік дағдыларды меңгеруде айтарлықтай қиындықтар туғызады. Сондықтан оқу процесін құрылымдау,

визуалды қолдау құралдарын қолдану, мінез-құлық тізбектері арқылы әрекетті кезең-кезеңімен оқыту, үлгімен көрсету әдістерін пайдалану және қолданбалы мінез-құлық талдауы тәсілдерін енгізу аса маңызды.

Зерттеу барысында практикалық әдістердің аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруда жоғары тиімділік көрсететіні дәлелденді. Әр әдіс баланың нейропсихологиялық дамуына сәйкес таңдалып, оқу процесінің түсініктілігін, құрылымдылығын және болжамдылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Үлгімен көрсету баланың визуалды қабылдау қабілетін тиімді пайдаланып, әрекеттер ретін дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді. Мінез-құлық тізбектері әдісі күрделі дағдыларды қадамдарға бөліп меңгерту арқылы когнитивтік жүктемені төмендетеді. Визуалды қолдау құралдары оқу ортасын алдын ала көрнекі бейнелеу арқылы баланың әрекетке деген сенімділігін арттырады. Қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА) арқылы әрбір дұрыс орындалған әрекет жағымды қолдаумен бекітіліп, мотивацияны тұрақты сақтау қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, сенсорлық интеграция терапиясының қолданылуы гигиеналық әрекеттерді орындау кезінде туындайтын сенсорлық қиындықтарды азайтуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік әңгімелер әдісі балалардың әлеуметтік қатынастарды және әрекеттің мағынасын түсінуіне көмектеседі, бұл өз кезегінде мәдени-гигиеналық дағдыларды саналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Ата-аналар мен мамандардың бірлескен жұмысы дағдыларды күнделікті өмірде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Практикалық әдістердің дұрыс таңдалуы және жүйелі түрде қолданылуы балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеру процесінің нәтижелілігін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуіне, дербестігінің қалыптасуына және жалпы өмір сапасының жақсаруына да ықпал етеді. Әр баланың когнитивтік, сенсорлық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырылған оқыту жүйесі оқыту процесін бала үшін болжауға болатын, түсінікті және қауіпсіз етеді. Жүргізілген зерттеу мен теориялық талдау нәтижесінде мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуда кешенді тәсіл қолданудың маңыздылығы анықталды. Бұл кешенді тәсіл оқу процесінің барлық компоненттерін – үлгімен көрсетуді, қадамдық құрылымдауды, визуалды қолдауды, мотивацияны қолдауды және сенсорлық бейімдеуді біріктіруді қамтуы тиіс. Әр әдістің өзара байланысын дұрыс ұйымдастыру балада әрекеттің толық тізбегін меңгеруге және оны әртүрлі жағдайларда қолдана білуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту тек нақты әрекеттерді үйрету ғана емес, сонымен бірге баланың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау қабілетін дамыту және дербестік деңгейін арттыру бағытында кешенді жұмыс жүргізуді талап етеді. Бұл бағытта ата-аналар мен арнайы педагогтердің бірлескен әрекеті ерекше маңызға ие. Үй жағдайында және арнайы білім беру мекемелерінде оқыту бағдарламаларының

бірізділігі сақталса, дағдылардың тұрақты түрде қалыптасуы мен генерализациясы қамтамасыз етіледі.

Болашақта аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту бағытындағы ғылыми зерттеулерді кеңейту қажет. Әсіресе дағдыларды жалпылау механизмдерін, мотивацияны ұзақ мерзімді қолдау стратегияларын және сенсорлық бейімдеу әдістерінің тиімділігін нақты практикалық зерттеулермен негіздеу өзекті міндет болып табылады. Сонымен қатар, әр баланың жеке дамуына бейімделген, дербес траекториялар құру тәжірибесін жетілдіру де мәдени-гигиеналық дағдыларды табысты дамытуға ықпал етеді. Осылайша, 5–6 жастағы аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамытуда практикалық әдістер кешенін ғылыми негізделген түрде, жүйелі әрі құрылымды қолдану олардың толыққанды әлеуметтенуіне, дербес өмір сүру қабілетінің артуына және жалпы өмір сапасының жақсаруына бағытталған тиімді түзету-тәрбиелеу процесін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Дети и подростки с аутизмом: психолого-педагогическое сопровождение. — М.: Теревинф, 2005. — 224 с.
2. Морозова С.С., Окунева О.Н. Формирование навыков самообслуживания у детей с РАС. — М.: АРКТИ, 2020. — 132 с.
3. Беллини С., Акуллиан Дж. Видео-моделирование и видеотренинг в коррекции поведения детей с аутизмом // *Exceptional Children*. — 2007. — Vol. 73, № 3. — С. 264–287.
4. Leaf R., McEachin J. A Work in Progress: Behavior Management Strategies and a Curriculum for Intensive Behavioral Treatment of Autism. — New York: DRL Books, 1999. — 367 p.
5. Knight V., Sartini E., Spriggs A.D. Evaluating visual activity schedules as evidence-based practice for individuals with autism spectrum disorders // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. — 2015. — Vol. 45, № 1. — P. 157–178.
6. Купер Дж.О., Херон Т.Е., Хьюард У.Л. Прикладной анализ поведения. — СПб.: Питер, 2020. — 912 с.
7. Веденина М.Ю., Костин И.А. Аутичный ребенок: проблемы в быту. — М.: ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2019. — 208 с.
8. Жунусова А.А., Халыкова Б.С., Рсалдинова А.К. Обучение детей с расстройствами аутистического спектра: принципы и подходы. — Алматы, 2020. — 384 с.

9. Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К. Аутизмді бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы. — Алматы: ТП ҰҒПО, 2020. — 169 б.

10. Gray C. Social Stories and Comic Strip Conversations: Unique Methods to Improve Social Understanding. — Arlington, TX: Future Horizons, 2000. — 128 p.

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КУЛЬТУРНО-ГИГИЕНИЧЕСКОГО САМООБСЛУЖИВАНИЯ У ДЕТЕЙ 5-6 ЛЕТ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА С ПОМОЩЬЮ ПРАКТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ

Серікқызы М.

Научный руководитель: Рсальдинова А.К.

В статье рассматривается эффективность практических методов в развитии культурно-гигиенических навыков у детей 5–6 лет с расстройствами аутистического спектра. Авторы обосновывают важность структурированного обучения с учетом когнитивных, сенсорных и поведенческих особенностей детей, использования визуальной поддержки, пошагового анализа действий и мотивационного подкрепления. Теоретический анализ и обзор научной литературы подтверждают эффективность методов моделирования, поведенческих цепочек, прикладного анализа поведения и социальных историй. В работе также рассматриваются вопросы взаимодействия с родителями, организации учебной среды и сенсорной адаптации, предложены практические рекомендации.

Ключевые слова: расстройства аутистического спектра, культурно-гигиенические навыки, практические методы, визуальная поддержка, АВА, структурированное обучение.

DEVELOPMENT OF CULTURAL AND HYGIENIC SELF-CARE SKILLS IN 5-6-YEAR-OLD CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDER THROUGH PRACTICAL METHODS

Serikkyzy M.

Scientific supervisor: A.K. Rsaldinova

This article examines the effectiveness of practical methods in developing cultural and hygienic skills in children aged 5–6 with autism spectrum disorders. The authors justify the importance of structured teaching approaches based on the

children's cognitive, sensory, and behavioral characteristics, including the use of visual supports, step-by-step task analysis, and motivational reinforcement. Theoretical analysis and literature review confirm the efficacy of modeling, behavior chaining, applied behavior analysis (ABA), and social stories. The paper also explores strategies for parent-professional collaboration, organizing the learning environment, and sensory adaptation, offering practical recommendations.

Keywords: autism spectrum disorders, cultural and hygienic skills, practical methods, visual support, ABA, structured teaching.

REFERENCES

1. Nikolskaia, O.S., Baenskaia, E.R., & Libling, M.M. (2005). *Deti i podrostki s autizmom: Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie* [Children and adolescents with autism: Psychological and pedagogical support]. Moscow: Terevinf.
2. Morozova, S.S., & Okuneva, O.N. (2020). *Formirovanie navykov samoobslyuzhivaniia u detei s RAS* [Development of self-care skills in children with ASD]. Moscow: ARKTI.
3. Bellini, S., & Akullian, J. (2007). A meta-analysis of video modeling and video self-modeling interventions for children and adolescents with autism spectrum disorders. *Exceptional Children*, 73(3), 264–287.
4. Leaf, R., & McEachin, J. (1999). *A Work in Progress: Behavior Management Strategies and a Curriculum for Intensive Behavioral Treatment of Autism*. New York: DRL Books.
5. Knight, V., Sartini, E., & Spriggs, A.D. (2015). Evaluating visual activity schedules as evidence-based practice for individuals with autism spectrum disorders. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 45(1), 157–178.
6. Cooper, J.O., Heron, T.E., & Heward, W.L. (2020). *Applied Behavior Analysis* (3rd ed.). Pearson Education.
7. Vedenina, M.Yu., & Kostin, I.A. (2019). *Autichnyi rebenok: problemy v bytu* [The autistic child: Challenges in everyday life]. Moscow: Detstvo-Press.
8. Zhunusova, A.A., Khalykova, B.S., & Rsaldinova, A.K. (2020). *Obuchenie detei s rasstroistvami autisticheskogo spektra: printsipy i podkhody* [Teaching children with autism spectrum disorders: Principles and approaches]. Almaty.
9. Ersarina, A.K., Dzhangeldinova, Z.B., & Aitzhanova, R.K. (2020). *Spetsialnaia programma razvitiia dlia detei s autizmom* [Special development program for children with autism]. Almaty: TP UGNPO.
10. Gray, C. (2000). *Social Stories and Comic Strip Conversations: Unique Methods to Improve Social Understanding*. Arlington, TX: Future Horizons.